



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2024 жылға Қазақстан Республикасындағы
ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық
жұмыстар туралы

Мазмұны

- S. 1 Байланыс деректері
- S. 2.Өзектілік-Кіріспе
- S. 3 Метадеректерді жаңарту
- S. 4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S. 5 Өлшем бірлігі
- S. 6 Есепті кезең
- S. 7 Құқықтық негізі
- S. 8.Құпиялылық және деректерді қорғау
- S. 9 Жарияланым саясаты
- S. 10 Тарату жиілігі
- S. 11 Тарату форматы, қолжетімділік және дәлдік
- S. 12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S. 13 Сапаны басқару
- S. 14 Өзектілік
- S. 15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескере отырып толтырылады)
- S. 16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S. 17 Салыстырмалылық
- S. 18 Келісушілік
- S. 19 Жүктеме
- S. 20 Деректерді қайта қарау
- S. 21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S. 22 Ескерту

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Кипшакова Куралай Советжанқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Айгозина Гульжихан Кайратовна

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Астана қ., Есіл ө. сол жағалауы, Мәңгілік Ел көшесі, 8, Министрліктер үйі, 4 - кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

k.kipshakova@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 7172 749770

S.2 Өзектілік-Кіріспе

Ғылым статистикасы ғылыми салалардың жағдайын, сондай-ақ елдің әлеуметтік- экономикалық дамуына олардың әсерін анағұрлым толық және кешенді көрсетуге мүмкіндік беретін ғылым индикаторларын әзірлеу мен жетілдіруге, оларды жүйелеуге, жаңа анықтамаларды енгізу мен олардың өзара байланысына бағытталған.

Ғылым - функциясы табиғи байлықтарды ұтымды пайдалану және қоғамды тиімді басқару мақсатында табиғат, қоғам және ойлау заңдарын зерделеу, болмыс туралы объективті білімді тұжырымдау және теориялық жағынан жүйелеу болып табылатын адам қызметінің саласы.

ҒЗТҚЖ айналысатын экономика секторы бойынша кәсіпкерлік жіктелімі: кәсіпкерлік, мемлекеттік, коммерциялық емес және жоғары білім секторы.

1) кәсіпкерлік секторға экономикалық тұрғыдан негізделген баға бойынша тұтынушыларға сату және оларға қызмет көрсететін кіріс әкелмейтін жеке меншік ұйымдар үшін өндірісті немесе нарықтық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді қамтамасыз етуді жүзеге асыратын (жоғары білім беру қызметін қоспағанда) кәсіпорындар, ұйымдар және институттар кіреді;

2) мемлекеттік секторға денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және өнер, демалыс (білім беру қызметінен басқа) саласында жеке сипаттағы нарықтық емес қызмет көрсету үшін, сондай-ақ мемлекеттік басқару, тәртіп пен қауіпсіздікті қолдау, қорғаныс, ғылым және ғылыми қызмет көрсету, жол шаруашылығы; мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорлары және мемлекет тарапынан ұйымдастырылатын және қадағаланатын басқа да мемлекеттік қорлар саласында ұжымдық сипатта қызмет көрсету үшін құрылған мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мекемелер кіреді;

3) коммерциялық емес секторға жеке коммерциялық емес ұйымдардан қаржыландырылатын заңды тұлғалар жатады;

4) жоғары білім секторына олардың қаржыландыру көздеріне және заңдық мәртебесіне қарамастан университеттер, институттар, академиялар, колледждер және орта білімнен кейінгі басқа мекемелер; жоғары білім институттары басқаратын немесе осылармен қандай да бір қатысы бар зерттеу институттары, сараптамалық зертханалар және клиникалар жатады.

ҒЗТКЖ іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ), қолданбалы ҒЗЖ және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ТКЖ) қамтиды.

Ғылым статистикасын қалыптастыру үшін «Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар туралы есеп» 1-ғылым статистикалық байқауы негіз болып табылады. Статистикалық зерттеудің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың санын анықтау болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі негізгі пайдаланушылар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросында (бұдан әрі – Бюро) әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттер, мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтар) отырыстары өткізіледі, онда жалпымемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қайталануын болдырмау және олардың өзектілігі тұрғысынан егжей-тегжейлі талданады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

18.10.2022

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

18.10.2022

S.3.3 Метадеректерді соңғы жаңарту

18.10.2022

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

ҒЗТКЖ саласындағы статистикалық байқаудың негізгі көрсеткіштеріне:

1) зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған ішкі және сыртқы шығындар;

2) зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған ішкі шығындарды қаржыландыру көздері;

3) ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық бөлімшелердің саны;

4) ғылыми зерттеулерді және әзірлемелерді орындаған қызметкерлердің саны жатады.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2) ӘҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3) МНЖ - Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;
- 4) КМЖ - Заңды тұлғалардың өлшемділік жіктеуіші;
- 5) ЭСЖ - Экономика секторларының жіктеуіші.

Осы жіктеуіштер Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Негізгі» / «Жіктеуіштер» бөлімінде орналастырылған.

S.4.3 Секторлық қамту

Респонденттер тобы: экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 72, 85.4 - кодтарына сәйкес экономикалық қызметтің негізгі және қосалқы түрі бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері және тізім бойынша экономикалық қызмет түрлеріне қарамастан ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдар.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

1) Инструментарий: «Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар туралы есеп» (коды 241112123, индексі 1-ғылым, кезеңділігі жылдық) статистикалық нысаны.

2) Байқау типі: «панель» негізінде жүргізіледі.

3) Респонденттердің ұсыну мерзімі есепті кезеңнен кейінгі 25 қаңтарға (қоса алғанда) дейін. Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады, Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Респонденттерге» / «Респонденттің кабинеті» бөлімінде орналастырылған.

Нысанды соңғы қайта қарау 2022 жылы болды, статистикалық нысан Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы «Респонденттерге» / «2025 жылғы статистикалық нысандар» / «Жылдық нысандар» бөлімінде орналастырылған.

Анықтамалар:

- 1) сыртқы шығындар – есепті кезең ішінде шарттар бойынша бөгде ұйымдар орындаған ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер құны немесе басқа кәсіпорындар орындаған ҒЗТКЖ;
- 2) ішкі шығындар – ҒЗТКЖ-ға шығындар, есепті кезеңде кәсіпорын ішінде орындаған шығындары, сондай-ақ кәсіпорыннан тыс, бірақ ішкі ҒЗТКЖ-ғашығындарын қамтамасыз ету үшін орындалған шығындар.

S.4.5 Статистикалық объект

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірліктерін іріктеу қағидаты)

"Панельді" қалыптастыруға Статистикалық бизнес тіркелім негіз болып табылады, 1-ғылым, 2-ШК және 1-ӨҚ жылдық нысандары зерттеулерінің нәтижелері бойынша қалыптастырылған кәсіпорындар тізімі, яғни есепті жылда ҒЗТКЖ жоспарлау туралы сауалға оң жауап қайтарған кәсіпорындар, сонымен қатар, «панельдің» дереккөздері болып әкімшілік дереккөз ұсынатын жер қойнауын пайдаланушылар тізімі және қаржыландырылатын ғылыми жобалар табылады.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстар, республикалық маңызы бар қалалар)

S.4.8 Уақытпен қамту

Қазақстанда ғылым бойынша зерттеу жыл сайынғы негізде 2003 жылдан бастап жүргізіледі. 2003-2024 жылдардағы уақыттық қатарлар бар.

S.4.9 Базалық кезең

Зерттеу жылының алдындағы жыл базалық кезең болып табылады.

S.5 Өлшем бірлігі

Адам, мың теңге және бірлік

S.6 Есепті кезең

Жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.
3. Бюро басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.
4. Заңнамада белгіленген тәртіппен Бюро басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.
5. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2016 жылғы 6 қазандағы № 292 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты электронды түрде қалыптастыру және тарату бойынша әдістеме.

S.8 Құпиялық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабы, оған сәйкес респонденттер

ұсынатын деректердің құпиялылығы мен қорғалуының кепілі қамтамасыз етіледі.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Бюро басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюро ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығын және теңтүпнұсқалығы шартында Бюро есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорларды сәйкестендірілме түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді).

S. 9 Жарияланым саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 26-бабы 1, 2-тармақтары.

Статистикалық жұмыстар жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі www.gov.kz. Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында (МО ИПБП) Бюро бөлімінде орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

www.gov.kz. Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында (МО ИРБП) Бюро бөлімінде «Негізгі» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде барлық пайдаланушыларға бір мезгілде және тең қолжетімді.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Бюро www.stat.gov.kz. интернет-ресурсында «Негізі» / «Статистика»/ «Әлеуметтік статистика» / «Білім беру, ғылым және инновациялар статистикасы» / «Электрондық кестелер» бөлімінде.

S.10 Тарату жиілігі

Жыл сайын

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

S.11.2 Жарияланымдар

1) «Қазақстан Республикасындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар» электрондық кестелер, Бюро www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Статистика»/ «Әлеуметтік

статистика» / «Білім беру, ғылым және инновациялар статистикасы» / «Электрондық кестелер» / «Ғылым» бөлімінде қолжетімді;

2) Орнықты даму мақсаттарының көрсеткіштері, Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Статистика»/ «Орнықты даму мақсаттары» бөлімінде қолжетімді.

3) Негізгі көрсеткіштер және серпінділік кестелер Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Статистика»/ «Әлеуметтік статистика» / «Білім беру, ғылым және инновациялар статистикасы» / «Динамикалық қатарлар» / «Ғылым» бөлімінде орналастырылған.

S.11.3 On-line режимінде деректер базасы

Бюро www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Талдау» Ақпараттық-талдау жүйесі / «Ғылым статистикасы» / «Ұйымдардың ғылым-техникалық қызметі».

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі-кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S.11.5 Өзге де

Қолданылмайды.

S.11.5.1 AC2. Метадеректер-кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 6 қазандағы № 232 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 8 қарашада № 14404 болып тіркелген «Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар және инновациялар статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме». Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Әдіснама» - ҒЗТҚЖ және инновациялар статистикасы» бөлімінде орналастырылған;

2) «Статистика бойынша әдіснамалық ереже 2018 жыл», төртінші басылым, толықтырылған. Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Әдіснама» бөлімінде орналастырылған;

3) «Ғылыми және технологиялық саясат бойынша комитет, ғылым, технология және өнеркәсіп секторы» Фраскати нұсқауы 2015 жыл, ЭБДҰ Интернет-ресурсында www.oecd.org орналастырылған.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2. Тиісті құрылымдық бөлімшенің сапа саласындағы мақсаттары.
3. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа жөніндегі нұсқаулық; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі;
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Ғылым статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алу негізгі принциптерді сақтау;
- тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық сыныптамасын пайдалану;
- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде әртүрлі бақылауларды (форматтық-логикалық, арифметикалық) жетілдіру және енгізу;
- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу;
- динамикада статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізу;
- деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайту және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру мақсатында бастапқы деректерді электронды форматты енгізу деңгейіне дұрыстықты тексеру анықталған, сондай-ақ бастапқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар қосылған.

S.13.2 Сапаны бағалау

«Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар және инновациялар статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме» халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, жергілікті атқарушы органдар және басқа мемлекеттік органдар - талдау жұмыстары үшін, жеке және заңды тұлғалар.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Пайдаланушының сауалнамасына Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Негізгі» / «Сауалнама» / «Пайдаланушының сауалнамасы» бөлімінде орналасқан.

S.14.3 Толықтылығы/R1. Деректердің толықтығы - үлес

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескере отырып толтырылады)


S.15.1 Жалпы дәлдік

Ғылым статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік зерттеу ықтимал қателер азайтылған және бақылауда болатындай етіп қалыптастырылған. Зерттеу жүргізу кезінде, статистикада кездейсоқ қателер (құны бойынша деректерді дұрыс толтырмау, маманның есепті енгізу кезінде қателері және т.б.) деп аталатын дәлсіздіктер болуы мүмкін. Мұндай қателерді облыстар мен Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының Статистика департаменттері және Бюро статистикалық байқау жүргізу барысында анықтайды және түзетеді.


2024 жылға есеп тапсырған ұйымдар саны 1988 бірлікті құрады, одан ҒЗТКЖ жүзеге асырғандар – 423 бірлік. 2024 жылы ҒЗТКЖ-мен 27146 адам айналысты, одан 23152 адам зерттеуші-маман, 2440 адам техникалық персоналдар, 1554 адам - өзгелері.

ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындарды қаржыландыру көздері құрамының көп үлесі 76,9% - республикалық бюджет құралдарына, 15,6% - кәсіпорынның меншікті қаражаттарына, ал 6,2% - басқа дереккөздер құралдарына келеді.

2024 жылға ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындар құрылымы



2024 жылғы санаттар бойынша ҒЗТКЖ-ны жүзеге асырған қызметкерлер саны



S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/A1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Іріктелмелі зерттеуге негізделмеген қателер: бастапқы статистикалық деректерді ұсыну кезіндегі міндеттіліктің арқасында зерттеу жүргізу барысында жауап алынбау болмайды. Ғылым зерттеуді жүргізу кезінде іріктемеге байланысты қателер болған жоқ.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2.Қамтуды арттыру-үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3.Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4.Жауап жоқ болу бірлігі - үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 A5.Жауап жоқ болу тармағы үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1.Күту кезеңі-алғашқы нәтижелер

Респонденттер ұсынған мерзімнен бастап бірінші жарияланымға дейін алғашқы нәтижелерді өңдеуге жұмсалған уақыт орташа есеппен 51 күнді құрайды.

Нәтижелер жыл сайын, Статистикалық жұмыстар жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде бекітілген тізбе мен мерзімдерге сәйкес жарияланады.

S.16.1.2 TP2.Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Нәтижелер жыл сайын, ағымдағы жылға бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жарияланады, нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Бюро басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарына және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалылығы

Деректер ҚР өңірлері арасында салыстырмалы.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы-коэффициенті/СС1

Қолданылмайды.

S.17.2 Салыстырылатын уақыттық қатарлардың ұзақтығы/СС2

Ғылым статистикасы бойынша динамикалық көрсеткіштер 2003 жылдан бері салыстырмалы және үздіксіз. 2003-2024 жылдарға уақыттық қатарлар бар, Бюроны www.stat.gov.kz интернет-ресурсы «Статистика»/ «Әлеуметтік статистика» / «Білім беру, ғылым және инновациялар статистикасы» / «Динамикалық қатарлар» / «Ғылым» бөлімінде орналастырылған.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар және инновациялар статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме КАЗСТАТ жобасы шеңберінде (Ұлттық статистика жүйесін бекіту бойынша жоспар) алынған халықаралық ұсынымдарына және Еуростат стандарттарына сәйкес әзірленген. Финляндия статистикалық офистік тәжірибесі қолданылған.

S.18.2 Ішкі келісушілік

S.19 Жүктеме

Респонденттің қалауымен деректерді жинау қағаз жеткізгіште және электрондық түрде жүзеге асырылады.

Деректерді онлайн-режимде жинау кезінде респондентке әдеттегі енгізу қателеріне жол бермейтін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау қарастырылған. Нысанды толтыруға жұмсалған орташа уақыт 1-2 сағатты құрайды. Басқа зерттеулермен қайталау жоқ. Әкімшілік деректер пайдаланылмайды.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау/А6

2024 жылға қайта жариялау болған жоқ.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Ғылым статистикасы бойынша статистикалық ақпарат «Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар туралы есеп» 1-ғылым нысаны бойынша респонденттердің бастапқы есептері

негізінде қалыптастырылады. Статистикалық байқау «панель» негізінде жүргізіледі.

"Панельді" қалыптастыруға Статистикалық бизнес тіркелім негіз болып табылады, 1-ғылым, 2-ШК және 1-ӨҚ жылдық нысандары зерттеулерінің нәтижелері бойынша қалыптастырылған кәсіпорындар тізімі, яғни есепті жылда ҒЗТКЖ жоспарлау туралы сауалға оң жауап қайтарған кәсіпорындар, сонымен қатар, «панельдің» дереккөздері болып әкімшілік дереккөз ұсынатын жер қойнауын пайдаланушылар тізімі және қаржыландырылатын ғылыми жобалар табылады.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі жыл

S.21.3 Бастапқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Ғылым статистикасы бойынша статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады.

Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған «Деректерді online режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

S.21.4 Бастапқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайтуды және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру мақсатында бастапқы статистикалық деректерді электрондық форматта енгізу деңгейінде анықтығын тексеру белгіленген, сондай-ақ бастапқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар енгізілген.

Форматты-логикалық бақылаулар: бөлімдер, модульдер, тармақтар арасында.

S.21.5 Импутация - үлесі /A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.